

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрі
Д. Мыңбайдың ҚР Парламент
Мәжілісінің Өлеуметтік-мәдени даму
комитетінде өтетін отырыста
сөйлейтін сөзі
2012 жылғы 22 мамыр

Құрметті депутаттар!

Соңғы бес жылда республикада ономастикалық жұмыстарды жүргізуге, нысандарға атау беруге және оларды қайта атауға уақытша мораторий жарияланған болатын. Аталған мораторий Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы «2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы туралы» № 1138 қаулысы, Мемлекеттік хатшының 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 32-28.41 тапсырмасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 12 қарашадағы № 5759 тапсырмасы, Қазақстан Республикасы Президент Өкімшілігі Басшысының 2011 жылғы 18 қарашадағы № 41-10.485 тапсырмасына сәйкес жарияланды.

Осы уақыт аралығында бірқатар сұрақтар жинақталып, нәтижесінде ономастика саласының нормативтік құқықтық базасын жетілдіру қажеттілігі туындады.

Облыстық ономастика комиссиясының атау беру және қайта атау шешімін қабылдау барысында ашықтықты қамтамасыз етпеуі салдарынан объектіге белгісіз әрі танымал емес атауларды беру жағдайлары орын алды. Бұл орын алған келеңсіз жағдайлар қоғам тарапынан көптеп сыналды.

Аталған мәселелерді жүйелі түрде шешу үшін ономастика саласын реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру талабы туындады. Сонымен қатар отаршылдық тоталитарлық жүйе кезіндегі атауынан өзгертілмеген бірқатар елді мекендер, жер-су ресурстары, мәдениет мекемелері, спорт, денсаулық сақтау, сондай-ақ физика-географиялық объектілер де бар. Бұл жағдай әсіресе Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында көптеп кездеседі.

Мысалға келтірер болсақ, тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде Петропавл қаласында барлығы 319 көшенің небәрі 19-ына ғана атау берілген. Сондай-ақ Петропавл қаласында облысқа еңбегі сіңген ақын, журналист Ғалым Малдыбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай оның атына берілген көшені қайтадан өзгертіп, Советская көшесі атауы кері қайтарылған.

Қазіргі таңда республикамызда осы тектес Дачная, Железняк, Лесная, Пионерская, Парковая, Вокзальная, т.б. өздерінің бұрынғы атауымен қалған көшелер кездеседі.

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласында 43-ші атқыштар гвардиялық дивизиясы көшесінің тұрғыны Балдаков деген зейнеткер осы көшеге өзінің атын жаздырып іліп қойғандығы жөнінде телеарналарда жарияланды.

Оңтүстік Қазақстан облысында да дәл осындай оқиға орын алған. І. Есенберлин атындағы көшені сол көшенің тұрғыны Қазақ тілі қоғамының мүшесі Құралов Дархан өз есімін тақтайшаға жазып іліп қойған.

Жоғарыда аталғандай ономастика саласындағы қордаланған мәселелерді сараптау - жинақталған көптеген сұрақтарды жүйелі түрде шешуді талап етеді.

Егер статистика мәліметтеріне назар аударатын болсақ, 2008-2010 жылдары мораторий кезінде Ақмола облысында 1 аудан, 23 ауыл, 12 ауылдық округ, 2008 жылы 57 көше, 2009 жылы 315 көше, 2010 жылы 115 көше атауы қайта өзгертілген. Алматы облысында 2008-2010 жыл аралығында 573 көше, Батыс Қазақстан облысында 19 ауыл, 2 ауылдық округ және 218 көшенің атауы қайта өзгертілген. 2011 жылы Батыс Қазақстан облысында 20, Жамбыл облысында 41, Оңтүстік Қазақстан облысында 31, Павлодар облысында 3, Шығыс Қазақстан облысында 1, барлығы 96 көшенің атауы қайта өзгертілген. Мұндай кемшіліктер барлық облыстарда да кездеседі.

Бұл мәселерді жүйелі түрде шешу мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленді. Осы заң жобасы Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отыр.

Заң жобасында («Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы») 2 заңға мынадай бағыттар бойынша өзгерістер енгізу көзделген:

Біріншіден, бірқатар анықтамаларды бірізді қолдану.

Ономастика мәселелері бойынша елдегі басты консультативтік-кеңестік орган – Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы – әртүрлі нормативтік-құқықтық актілерде әрбасқа аталады. Сонымен қатар, ономастикалық жұмыстар жүргізілетін нысандарға атау беруде және оларды атауда сәйкессіздіктер орын алған.

Екіншіден, ономастикалық жұмыстарды жүргізу барысында шешім қабылдауда **жауапкершіліктің сатылы деңгейін енгізу.**

Заң жобасында республикалық маңызы бар қаланың, астананың нысандарына (көшелерге, алаңдарға, скверлерге, көпірлерге және қаланың басқа да құрамдас бөліктеріне) Республикалық ономастика комиссиясымен міндетті түрде келісе отырып атау беру және оларды қайта атау көзделген. Ал облыстық маңызы бар қалаларда ономастикалық жұмыстарды *Республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ғана* жүргізу қарастырылған.

Сондай-ақ, аудандар, аудандық маңызы бар қалалар деңгейінде ономастикалық жұмыстарды жүргізу кезінде *Облыстық ономастика комиссиясы қорытындысының негізінде ғана* шешім қабылдау көзделген. Бұл түзетулер ономастика саласында шешім қабылдау кезіндегі өзара жауапкершілік қағидатын енгізуге бағытталған.

Үшіншіден, ашықтық қағидатын орнату, демек ономастиканың жұмыс нысандарына атау беру және оларды

қайта атау туралы шешім қабылдау кезінде халықтың пікірін ескеру тәртібін енгізу. Қазіргі уақытта қоғамның пікірін ескеру міндетті. Алайда, оны есепке алу тәртібі жазылмаған, бұл заңды қолдану тәжірибесінде жемқорлық деңгейін арттырады.

Осылай, енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтырулар ономастикалық жұмыстарды жүргізу кезіндегі құқықтық олқылықтарды жоюға, ашықтық қағидатын енгізуге және өзара жауапкершілікті жоғарылатуға бағытталған.

Қолдауларыңызды сұраймын.